



# П А С П О Р Т

**Ақтөбе қаласы, "Жалпы білім беретін "SMART BILIM" орта мектеп - гимназиясы"**

Ақтөбе қаласы, "Жалпы білім беретін "SMART BILIM" орта  
мектеп - гимназиясының" (ЖШС)  
П А С П О Р Т Ы



**2023 жылғы 1 қыркүйекте «SMART BILIM» орта мектеп-гимназиясы өз есігін айқара ашты.**

Мектеп-гимназия ғимараты құрылтайшының жеке қаражаты есебінен барлық заманауи талаптарға сай, ерекше жоба бойынша салынды.

**Құрылтайшысы:** Баймағамбетова Замзагүл Хамитовна

**Мектеп-гимназия директоры:** Арынгазиева Айгүл Аманғазиевна

Мектептің жобалық қуаттылығы — **2620 орын** (бір ауысымда).



Мектеп типтік **үш қабатты ғимаратта** орналасқан. Мектеп кешені келесі блоктардан тұрады:

- **А блогы** — оқу және әкімшілік бөлімі;
- **Б блогы** — білім беру бөлімі;
- **В блогы** — білім беру бөлімі;
- **Г блогы** — білім беру бөлімі;
- **Д блогы** — білім беру бөлімі.

Мектепте **4 спорт залы** бар.



Мектептің материалдық-техникалық базасына мыналар кіреді:

- **Бассейн** — 1;
- **Теннис корты** — 1;
- **Футбол алаңы** — 4;
- **Шағын стадиондар** — 4;
- **Кинозал** — 1.

Сонымен қатар мектепте **робототехника, мультимедиялық және лингафондық кабинеттер**, сондай-ақ **STEM-зертхана** жұмыс істейді.

**А білім беру блогында** жалпы білім беретін мектептің сыныптары орналасқан, сондай-ақ:

- дәрігер кабинеті;
- процедуралық бөлме;
- психолог пен логопед кабинеттері қарастырылған.



— шет тілдерін меңгеруге арналған арнайы жабдықталған кабинеттер.



- Мектеп әкімшілігіне арналған үй-жайлар;
- Компьютерлік сауаттылық пен информатика пәндерін оқытуға арналған аудиториялар.





— 40 орындық оқу залы бар кітапхана;





А блогында оқу және мультимедиялық сабақтарға арналған кабинеттер орналасқан. Д блогында жалпы білім беретін мектептің жалпы білім беретін және мамандандырылған сыныптары, сондай-ақ **физика, химия және биология кабинеттері** бар.



**Алғашқы әскери дайындық кабинеті**



**Ер балаларға арналған еңбек шеберханасы.**



**Қыз балаларға арналған еңбек шеберханасы**




**А блогында 600 орындық асхана бар.**



**1000 орындық, көркем жабдықталған акт залы орналасқан.**



**Мектептің конференц-залы.**



**Жалпы білім беретін мектептердің МАД (мектепалды даярлық) тобының кабинеттері ұзартылған күн тобымен жұмыс істейді.**





## Мектептің инфрақұрылымы мен оқу процесі

Жалпы білім беретін мектепте жалпы білім беретін сыныптармен қатар **технология кабинеттері** мен **информатика кабинеттері** бар.

2024–2025 оқу жылында «SMART BILIM» мектеп-гимназиясында **189 класс-комплект** жұмыс істейді. Барлығы – **5278 оқушы**, 1–11 сыныптар аралығында қазақ және орыс тілдерінде білім алады.

**Оқу-тәрбие процесін** жүзеге асыру үшін мектепте **334 педагог** жұмыс істейді.

### Педагогикалық құрам:

- Жоғары білімді – 330;
- Арнаулы орта білімді – 4;
- Педагог-шебер – 2;
- Педагог-зерттеуші – 75;
- Педагог-сарапшы – 59;
- Педагог-модератор – 90;
- Педагог – 108.

Мектептің базасында **семинарлар** өткізілді.






Сонымен қатар, мектебімізде **облыстық және республикалық деңгейлерде семинарлар мен коучингтер** өткізілуде. Қазіргі таңда мектеп **«Кәсіптік бағдар беру» бойынша пилоттық жоба** жүзеге асырылатын мекеме болып табылады.

Пилоттық жоба аясында **«Кәсіби бағдар: болашақ бүгіннен басталады»** тақырыбында республикалық педагогикалық конференция өткізілді.



**Кәсіби бағдар және жас зерттеушілер жобасын іске асыру аясында** мектеп оқушылары Түркияның Стамбул қаласында өткен **«XXI ғасырдағы ғылым мен білім: қазіргі ғылыми зерттеулер»** тақырыбындағы тәжірибелік конференцияға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.



## Оқушылардың олимпиадалық және қосымша білім жетістіктері

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 22 оқушы қатысып, орындарға ие болды:

- 1 орын — 5 оқушы;
- 2 орын — 6 оқушы;
- 3 орын — 10 оқушы;
- 1 оқушы **Алғыс хат** алды.

## Облыстық кезең нәтижелері:

- 1 орын — жоқ;
- 2 орын — 1 оқушы: **Каленов Тамирлан**;
- 3 орын — 3 оқушы: **Кабидуллина Адина, Серік Сүндет, Төлепбай Перизат**.


«SMART BILIM» мектеп-гимназиясында **32 түрлі үйірме мен секциялар** жұмыс істейді.

Сабақтан тыс уақытта:

- Мектепшілік үйірмелер мен секцияларға **3258 оқушы** қатысады;
- Мектептен тыс мекемелерде — **1010 оқушы** қатысады.

Бұл білім алушылар контингентінің **81%-ын** құрайды.

**Үйірмелер мен секциялар келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылған:**



**--Тілдік бағыты (ағылшын, корей ,казак, түрік тілдері )**




**- Спорт бағыты (күрес, бокс, волейбол, футбол, дзюдо, каратэ, таеквандо, тоғызқұмалақ, шахмат)**






**-Шығармашылық бағыты бойынша (домбыра, хореография,үрмелі аспаптар, гитара,қол өнер)**



**-Интеллектуалды бағыты**



## БАССЕЙН



## Оқушылар саны мен оқу режимі

Қазіргі таңда мектебімізде **5257 оқушы** білім алады, оның ішінде **2876 қыз бала** және **2381 ер бала**.

Оқыту жүйесі **екі ауысымдық**, сонымен қатар **ұзартылған күн кестесі** қарастырылған (08:00 – 17:00).

## Мектеп қауіпсіздігі:

Мектеп **сыртқы және ішкі 427 камерамен** (ішкі – 372, сыртқы – 55), **дабыл түймесімен, метал детекторы және 10 күзет қызметімен** қамтамасыз етілген.

## Құқықтық қамтамасыз ету:

Мектеп директоры **А.А. Арынғазиева** бұйрығы бойынша 2022 жылдың **6 желтоқсанынан бастап директордың құқықтық істері жөніндегі орынбасары** қызметіне **1 штаттық орын** ашылды. Мақсаты: мектеп педагогтары мен оқушыларын **Қазақстан Республикасының заңдары бойынша қорғау және құқықбұзушылықтың алдын алу**.



**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы және «Даналық мектебі» жұмыс істейді.**





**23 қазанда мектебімізде «Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.**

Мектеп директоры қамқоршыларға алғыс айтып, оларға **алғыс хаттар мен шағын сыйлықтар** табыс етті. Қамқоршылар «Қамқоршылар күніне» арналған грамоталарды қуана қабылдап, іс-шараны ұйымдастырушыларға көрсеткен **жылы ықыласы мен көңіл-күйі үшін алғыстарын** білдірді. Іс-шара әсерлі және достық атмосферада өтті.



**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негізгі бағыттарының бірі – Еңбек бағыты.**

Эстетикалық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен «Еңбек түбі – береке!» атты іс-шара басталып, үзіліс уақыттарында жалғасын тапты.



**Көңілді үзіліс. Танграм.**



**Веселая карусель.**



**Күзгі қазына.**



**Жапырактардан композиция.**



**Күз бояулары әлемінде Күзгі шабыт.**




Оқушыларды ұстазды құрметтеуге және сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру, ұстаз еңбегін бағалауды қалыптастыру мақсатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында 3 сынып оқушылары «Ұстазым» әнін орындады.



Мектеп парламентінің жұмысы жүргізілуде.



Мектебіміздің құрылтайшысы Баймагамбетова Замзагүл Хамитовна соңғы қоңырауда «Үздік жыл оқушысы – 2024» жеңімпазын 500 000 (бес жүз мың) теңге сыйақымен марапаттады.

Оқу-тәрбие бағытында мектеп-гимназияда білім сапасына ерекше мән беріледі. «SMART BILIM» мектеп-гимназиясының педагогикалық құрамы өздерінің біліктілігі мен шығармашылығы арқылы оқушылардың халықаралық деңгейде білім көрсетуіне аянбай еңбек етуде.

Сонымен қатар, оқушылар халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі ғылыми жобалар байқауларына, пәндік олимпиадаларға және конференцияларға белсенді түрде қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді.

Оқушылардың жетістіктері олардың:

- ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуына;
- шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыруға;
- академиялық белсенділігі мен білім сапасын арттыруға;
- мектептің білім беру имиджін көтеруге оң ықпал етеді.

Мектеп ашылған сәттен бастап оқушыларымыз Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Ресей, Грузия және Қырғызстан елдерінде өткен халықаралық ғылыми жобалар мен білім беру іс-шараларына тұрақты түрде қатысып келеді.



Сонымен қатар, өткен жылдан бастап мектебіміз GSED платформасы арқылы оқытылатын халықаралық білім беру жүйесі аясында АҚШ-тың Калифорния штатындағы FEYDEY K-12 School ұйымымен, сондай-ақ Швейцариядағы Swiss Innovators Club (SIC) білім беру мекемелерімен ресми келісімшарттар жасасты. 2025 жылғы 1 желтоқсан «Smart Bilim» гимназиясы 2025 жылғы 27 қарашада өткен Array Global Accreditation ұйымы жүргізген алдын ала аккредитациялық сапарды қабылдады.

Аккредитациялық комиссия құрамына д-р Джейкоб Франком және д-р Боб Санчес кірді.

Сапар аясында мектептің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау мақсатында аккредитация стандарттары бойынша кешенді тексеру жүргізілді. Сонымен қатар мектеп әкімшілігімен, педагогтермен және оқушылармен сұхбаттар өткізілді. Комиссия мүшелері бірнеше сыныптағы сабақтарға қатысып, оқу үдерісін бақылаудан өткізді.

Сапар қорытындысы бойынша аккредитациялық комиссия Smart Bilim гимназиясына алдын ала аккредитация (Provisional Accreditation) мәртебесін беру жөнінде Array Global Accreditation Кеңесіне ұсыныс білдірді.

Тексеру барысында комиссия оқушылармен, педагогтермен және ата-аналармен жүргізілген барлық талқылауларда айқын әрі тұрақты ортақ ұстанымның бар екенін атап өтті. Барлық мүдделі тараптар мектеп басшылығына, оның дамуына және сапалы білім беруге деген ұстанымына жоғары деңгейде сенім білдірді.

Оқушылар мұғалімдермен орнаған қолдаушы қарым-қатынасты, сондай-ақ мектептің оларды болашаққа дайындаудағы жүйелі еңбегін оң бағалады. Қатысушылардың бірқатары мектепте халықаралық білімге, жаһандық білім беру бастамаларына және оқушылардың көкжиегін кеңейтуге бағытталған жұмыстардың артып келе жатқанын ерекше атап өтті.

Smart Bilim гимназиясы — қарқынды дамып келе жатқан, прогрессивті білім беру ұйымы ретінде әсер қалдырады. Мектеп мықты басқару жүйесін, жақсы ұйымдастырылған білім беру ортасын және оқушыларды жаһандық әлемде табысты өмір сүруге даярлауға бағытталған айқын мақсатын үйлестіре білген.

Алдағы кезеңдегі басым бағыт ретінде мектептің Профилін және Даму жоспарын әзірлеу белгіленді. Бұл құжаттар стратегиялық дамудың, басқарушылық шешімдердің және тұрақты өсудің берік негізін қамтамасыз ететін болады.





Қазіргі уақытта «Smart Bilim» мектеп-гимназиясы 7 халықаралық білім беру ұйымымен келісімшарт негізінде бірлескен жұмыс жүргізуде.

Атап айысақ:

- **Swiss Innovators Club** (Швейцария) — АҚШ-тағы Халықаралық мектеп жанындағы коммерциялық емес білім беру қауымдастығы
- **FEYDEY K-12 School** (АҚШ) — АҚШ-тағы халықаралық К–12 мектебі
- **Ислам Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университеті жанындағы педагог кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталығы**
- **Стамбул Галата университеті (İstanbul Galata University)**
- **Әзербайжан мемлекеттік мұнай және өнеркәсіп университеті**
- **Қырғыз Республикасының Халықаралық университеті**
- **Ташкент қаласындағы Беларусь–Өзбекстан бірлескен салааралық қолданбалы техникалық біліктілік институты**

Жыл сайын оқушыларымыз бірнеше шет мемлекеттерге барып, халықаралық ғылыми жобаларға қатысып, жоғары нәтижелер мен елеулі жетістіктерге қол жеткізуде.

Ең бастысы, бұл жетістіктер оқушыларымыздың болашақта отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына түсуіне үлкен мүмкіндік береді.

Соңғы екі жыл ішінде мектептің 500-ге астам оқушысы халықаралық және республикалық деңгейдегі I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Сонымен қатар 8 оқушы Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия елдерінде, сондай-ақ Шымкент және Алматы қалаларында өткен байқауларда «Бас жүлдені» иеленді.

Оқушылар облыстық және қалалық олимпиадаларға да белсенді қатысып, жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша жеке мектептер арнасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді.